ЖК «Болашақ» бөбекжай- бақшасының
қамқоршылық кеңес отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 05.09.2025 ж
Қатысқандар:

1. Бөбекжай-бақша басшысы: М.Ф.Мұхымгереева
2. Бөбекжай-бақша тәрбиеші: Абдрешова.А.С– хатшы
3. Тұрғындары, ата-аналар.

Күн тәртібінде:

1.Бөбекжай-бақша қамқоршылық кеңесін ұйымдастырудың тиімділігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2017 жылғы 27 шілдідігі №355 бұйрығымен таныстыру.
2.Қамқоршылық кеңесін құру, төрағасы мен мүшелерін сайлау.
3.Қамқоршылық кеңесінің жоспарымен таныстыру.

Жүру барысы:

1.Бірінші отырыстың бірінші мәселесі бойынша жекеменшік «Зере» бөбекжай-бақшасының басшысы: Мұхымгереева Фариза Мұхымгерейқыз сөз алды:
2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 44- бабының, 9 – тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығының қамқоршылық кеңес құру керектігін, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңесінің құрамын, оларды дамыту стратегиясын бекітеді, сондай – ақ олар құрметіне байланысты өзге де маңызды мәселелерді қарайды. Қамқоршылық кеңес стратегиялық мақсаты мен міндеттерін айқындайтын, сенім –ашықтық, еріктілік және алқалық қағидалар мен жұмыс істейтін бөбекжайды басқарудың қоғамдық органы болып табылады. Бөбекжай-бақша басшысы қамқоршылық кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібінің үлгі ережелерімен таныстырды. Қамқоршылық кеңес 1 жыл мерзімге сайланатынын және қамқоршылық кеңес бөбекжайда алқалы басқару нысандарының бірі болып табылатынын басып айтты.
Қамқоршылық кеңестің мақсатына жеке-жеке тоқталып өтті:

1. Білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
2. Білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының тәрбиеленушілерімен бөбекжай ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;
3. Білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
4. Білі беру ұйымына әлеуметтік мәдени, сауықтыру жіне дамыту іс- шара өткізуге ықпал ету;
5. Тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;
6. Білі беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталғанұсыныстар енгізу болып табылатынын түсіндірді.